

№ 15 лекция сабақ Дәріс 15. Сурет өнері туындылары көрсетілген экскурсиялар

### Жоспар

1. Экскурсиялық объектілер суреттерден көрініс табуы
2. Сурет өнері туындыларына экскурсияларды өткізу ерекшеліктері

Мақсаты. Экскурсия жетекшісінің портфелі деп кәсіби ортадағы, көру қатарының жетіспейтін звеноларын толтыруы және қалпына келтіруі тиіс, экскурсияға арналған көрнекі құралдардың жиынтығын айту қабылданған.

Экскурсияның нақты тақырыбына байланысты ақпараттары болады: тарихи, медициналық, археологтардың ашулары туралы; шаруашылық және мәдени тақырыпта. Экскурсияның ақпарат құралдарына: газет, радио, теледидар, дәрісақпараттар жатады. Бұл ақпарат құралдары экскурсияны жоғары деңгейде көрнекілік түрде ерекшелейді. Мәдени бос уақыт ұйымдастыру қызметі. Бос уақыт деп адамның жұмыстан кейін қалған уақытын айтады. Тәулік, апта, жыл шеңберіндегі бос уақытты адам өз қалауы бойынша шағармашылық немесе қоғамдық қызметке арнайды. Мәдени бос уақытты өткізу түрі бола отырып экскурсия адамның рухани қажеттілігін қанағаттандыруды және қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Ынта қалыптастыру қызметі. Экскурсияда білімді жеткізу және қатысушылардың білімге деген ынтасын, қызығушылығын тудыру. Мысалы: әдеби экскурсияны алсақ, экскурсияға қатысушылар әдеби экскурсияға (кітапқанаға экскурсия) барып келгеннен кейін, олардың белгілі бір жазушыға немесе әдебиетке деген қызығушылығы пайда болады және сол автор жайлы олар өз бетінше терең түрде танысады. Экскурсия көбі үшін өз бетінше білім алу жұмысының бастамасы болып келеді.

Экскурсия жетекшісінің портфелі деп кәсіби ортадағы, көру қатарының жетіспейтін звеноларын толтыруы және қалпына келтіруі тиіс, экскурсияға арналған көрнекі құралдардың жиынтығын айту қабылданған. Бұл әсіресе объектілер бізге өзгертілген түрде жеткенде немесе мүлде сақталмаған жағдайда ерекше маңызды. Сонда фотосуреттер, суреттер, сызбалар объектінің бастапқы түрін қалпына келтіруге көмектеседі. «Экскурсия жетекшісінің портфеліне» экскурсия тақырыбына қатысы бар адамдардың фотосуреттері, картиналардың көшірмесі, географиялық карталар, карто-схемалар (мысалы: әскери оқиғалар суреттелген), өндірістік кәсіпорын өнімдерінің үлгілері, гербарші парақтары (жапырақтары), геологиялық үлгілер, магнитофонға жазып алынған жазбалар және экскурсияты көру образдарымен байытуға көмектесетін иллюстративтік материал кіреді. Көрнекі құралдарды іріктеу өлшемдері ретінде мыналар қабылданады:

- оларды қолданудың қажеттілігімен лайықтылығы;
- танымдық құндылық, яғни ұсынылған құрал қаншалықты, экскурсияты байыта алады, көрсету мен әңгімелеуді неғұрлым көрнекті және түсінікті ете алады;

- әдеттегіден тыс ерекшілігі;
- мәнерлілігі;
- бүтіндігі. Фотосуреттер, карто-схемалар, өлшемдер картоннан жасалуы және көлемі 18\*24 см болуы, суреттердің айқын және түсініктілігімен ерекшеленуі тиіс. Автобуста көрсетуге арналған көрнекілік құралдарын 24\*30 смге дейін үлкейту керек, оларды автобустың артқы қатарларында отырған экскурсияшылар көре алатындай етіп. Көрнекілік құралдарының тізімі экскурсияға өзгеріссіз қалады, экскурсия өмірі процесстерінде ол жетілдіріледі және толықтырылады.

Пейзаж – француздың *peysage* (*paus-ел, жергілікті жер*) сөзінен шыққан. Пейзажда жергілікті жерлердің, сәулеттік құрылыстардың, қалалардың (ветуда), теңіз көріністерінің (марина) нақты немесе өзгерген түрлері қайта өндіріледі. Пейзаж көбіне кескіндемелік, графикалық, скульптуралық жанр көрінісі аталады. Адамды, қоршаған табиғат құбылыстары мен нысандарын бейнелей отырып, суретші өзінің табиғатқа қатысын, оның қоғаммен қабылдануын білдіреді. Немесе картинада табиғат бейнеленсе, бейнелеу өнерінің бұл жанры пейзаж деп аталады. Пейзаж бейнелеу өнерінің әр түрінде кездеседі.

Композиция – жеке бөліктерден бір бүтінді құрау, дайындау. Бұл термин «құрылым» және «конструкция» ұғымдарымен байланысты. Сюжет – оқиға немесе бір бірімен байланысты бірнеше оқиғалар. Фабула – шығарманы білдіретін оқиғалар тізбегі. Фабуланы баяндауда композициясы, байланысы, әрекеттің дамуы, кульминациясы, ажырауы айқындалады. Кульминация – фабулалық әрекеттің дамуындағы ең жоғарғы көтерілу деңгейі, биік нүктесі. Экскурсиялық қызмет – азаматтардың уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта аралап көруін ұйымдастыру жөніндегі кәсіпкерлік қызмет. Қысқаша айтқанда экскурсиялық қызмет экскурсияны жүзеге асыру. Қызмет түсінік ретінде латын тілінен аударғанда орындау, жүзеге асыру, атқару, дегенді білдіреді.

Этнографиялық экскурсия халықтық мәдениеті мен танысуға бағытталған. Бұлар тарихи үйлерді, киімдерді, кеңінен қарастырады. Этнографиялық экскурсия мысалы біріккен елдер Вильнюсский, Римский, Минскиде өтеді. Бұл монументті ескерткіштер 1975 жылы Ұлы Жеңістің 30 жылдық торқалы тойында бой көтерсе, Ұлы Жеңістің 60 жылдық құрметіне Арал қаласының орталық алаңында сұрапыл соғыстан туған топырағына оралмай, өмірден өткен 6 мың боздақтың аты-жөні мәрмәр тасқа жазылып, “Тағзым” алаңы ашылды. Сонымен қатар аудан- дағы мемлекеттік тізімге алынған 25 археологиялық ескерткіштерге сонау бағзы заманда ата-бабаларымыз қоныстанып, өмір кешкен ескі қалалардың қазбалары жатады. Бұлармен бірге архитектуралық мәдени мұраға енетін Жаңақұрылыс елді мекені жанындағы республикалық дәрежедегі “Бегім Ана”, “Мәмбетбақы”, “Пияз”, “Пұсырманбай” кесе- нелері, Құмбазар елді мекенінен оңтүстік-шығысқа қарай 27 шақырым жердегі “Тілеулес ишан” мешіті, Қызылжар елді мекенінің шығысындағы “Тілеулес ишан” кесенесі, Ақеспеден солтүстік-шығысқа қарай 16 ша- қырым жердегі “Қосаман” кесенесі, Аққұлақ

жанындағы “Бәсібек” сағана тамы және “Бекетай” кесенесі, Шөмішкөлдегі “Ораз ақын” кесенесі, Аманөткел ауылындағы “Рысқал” кесенесі, Ақшатаудан солтүстік-батысқа қарай 1,5 шақырым жердегі “Байшоқы” кесенелері – тұлғалары биік, өрістері кең, өнегелері мол тарихи ескерткіштер. Жоғарыда айтылған мәдени мұралардың қай-қайсысының да іргетастары қаланғанына бір емес, бірнеше ғасыр өткен. Өкініштісі сол, сәулет ескерткіштеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмек түгілі, жай жөндеуді де көрмей келеді. Ашығын айтсақ, осынау тарихи ескерткіштердің бірсыпырасы жыл өткен сайын жермен жексен болып келе жатса, қалғандары қалт-құлт етіп құлау алдында тұр. Басқасын былай қойғанда, аудандағы республикалық дәрежедегі жалғыз ескерткіш “Бегім-Ана” мұнарасын 1989 жылы “Қазпроектреставрация” мекемесі күрделі жөндеуден өткізген еді, содан бері қол тимеген қалпында тұр. Сайып келгенде, “Бегім-Ана” мұнарасына ең болмағанда жеңіл жөндеу жүргізу керек-ақ. Себебі, жыл өткен сайын мұнара шөгіп барады. Сонымен бірге мұнара басындағы құдық азып- тозып, әулие басына келіп зиярат етушілер ауыз су азабын тартумен келеді.

Ғылыми принципі. Саяхаттың негізгі сапасы тәрбиелеу мен оқыту формасы ретінде оның ғылыми мінезі болып табылады. Саяхаттың міндеттері - ғылыми білімнің тарауына себепші болу. Экскурсияның мазмұны белгілі бір қазіргі ғылым бөлігіне сай мазмұндалу керек, дүниеге көзқарас қалыптасуына ықпал ету керек. Ғылыми трактатта фактілер, оқиғалар, теоретикалық ережелер беріледі, олар қазіргі ғылым саласына қатысты жетістігіне қарай қарастырылады. Фактілер мен оқиғалар объективті ғылыми баға алу керек. Идеялық принцип. Идея – бұл қойылған мақсатқа жетудегі іс-әрекеттің нақты жоспары. Ақпараттық функция. Экскурсияның өзінің нақты білім саласының тақырыбына байланысты ақпараты бар: тарихи, медициналық, биологиялық ғылымның жетістігі туралы; археологтардың ашулары туралы; шаруашылық және мәдени құрылыстағы жетістіктер мен ойлап тапқандары туралы. Газет, радио, теледидар, лекция сияқты маңызды ақпарат құралдарынан экскурсияны жоғары деңгейдегі көрнекілік ерекшелейді. Экскурсия өткізудің негізі бекітілген мәтін болып табылады.

Тарихи экскурсия өз мағынасы бойынша тарихи аймақтық, археологиялық және этнографиялық болып бөлінеді. Тарихи аймақтық экскурсияның бірнеше тақырыбын айтсақ. (атасақ): «Тарихбеттерін нарықтай тоырып» (Краснодарлық бюро), «Волков жағасындағы, естелік орындар» (Новгород бюросы), «Азовтың өткен тарихы», Пскованың қонақжайлылығы,

«Бульварлық сақина тарихынан» Мәскеулік бюро экскурсиясынан Кейбір бюроларда тарихи экскурсия басты периодқа бөлінеді: революцияға дейінгі аймақтың күнге дейін . Кейде экскурсияны хіх ғ алғашқы жартысы жайында немесе соғыстан кейінгі аймақтың өмірі етіп бөлінеді. Археологиялық экскурсияда материалдық мәдени ескерткіштерін, ежелгі мекендерде қозғанда, көмген жерін, әскери бекіністер көрсетіледі. Экскурсанттар еңбек құралдарын және солардан құралған үйлерді, өнер туындыларын, әшекейлерді көреді. Мысалы Самарканд бюросында қарастырылған «Афросиаб-ежелгі мәдени мұра» Самарканд қаласының солтүстігінде қала, Мешіт, бекіністер,

сарай, үй құрылысын, әйнек, құймалы керамика, темір бөлшектерін (X-XIIIғ) табылды. Ереванның бюро «Эребуни – Ереванның ежелгі белгілі» экскурсиясын дайындады.

Экскурсиялық теория – бұл экскурсия қызметтері, оның негізгі белгілері мен аспектілері; көрсету және баяндау ерекшеліктері; экскурсиялық әдіс, экскурсия жіктелуі; экскурсиялық қызмет көрсетудегі әртүрлі сәйкестік; әдіснама және әдістеме; экскурсиялық педагогика және логика элементтері; экскурсия жүргізушінің кәсіби шеберлігінің негіздері ұғымдарының жиынтығы. Экскурсиятанудың негізі - экскурсияның мәнін анықтайтын экскурсияның заңдылықтары мен ерекшеліктерін қалыптастыратын (адамды оқыту мен тәрбиелеудің маңызды қалыбын) экскурсиялық теория. Экскурсияны бағалау - бұл саяхатшының саяхат жетекшісі жетелеуінен шыққан қорытындысы.

Табиғи экскурсия гидрогеологиялық, геологиялық, ботаникалық, зоогеографиялық, ландшафттық болып бөлінеді. Мысалы, «Бурабай тауының күдіреті», «Карельский аймағы, Орман аймағы», «Біздің аймақтың жануарлар әлемі», «Тау хрустальдары еліне», «Біздің қаланың жасыл желегі» т.б. Табиғи экскурсияларда көп жағдайда түсіндіру әдісі қолданылады. Себебі экскурсанттарға табиғат құбылыстары түсіндірілері. Рекреациялық табиғи алғышарттары деп ең алдымен табиғи- территориялық және аквальды кешендердің әр түрлі дәрежелерін айтатын болсақ, олардың компоненттері мен жеке қасиеттерін, оның ішінде — аттрактивтік, қоюлық пен ландшафт ырғағы, кедергілерді жою мүмкіндігі, географиялық ерекшеліктерін және тағы басқаларын атап көрсетуге болады. Демалыс пен туризм үшін табиғи жағдайларға баға беру өте қиын. Емдеу ресурстарына баға беруден айырмашылығы, бұл жерде келесі факторлар арқылы айқындалады: табиғи ландшафтардың тартымдылығы, олардың күтпегенділігі, экзотикалығы, қайталанбайтындылығы. Баға субъекті мен объектінің өзара қатынасын көрсетсе, ойда баға беру реті төмендегідей міндетті кезеңдерден тұрады 1) объектіні бөлу, табиғи кешендердің компоненттері мен қасиеттерін бағалау; 2) субъектіні бөлу, соның позициясы бойынша бағалау. рекреациялық ресурстардың баға беру субъектісі ретінде туризм жиі алға шығады; бағалау өлшемін құрастыру, масштабы мен зерттеу -мақсатын, сондай-ақ субъект қасиеттерін анықтайды; градациялық баға беру шкалаларының параметрлерін жасау.

Қызмет экскурсия барысында екі түрге бөлінеді: экскурсанттардың және экскурсоводтардың қызметі. Экскурсанттардың (экскурсияға қатысушылар) қызметі – экскурсия барысында нысанды мұқият тындап, белсенді түрде өзінің іс-әрекетін жасау. Экскурсовод (экскурсия жүргізуші) қызметі – әр түрлі мақсаттағы экскурсияны дайындау және жоғары дәрежеде өткізу.

Архитекторлық қалақұрылыс экскурсиясы нақты тарихи архитектура ескерткіштерін көрсетуде бөлінеді; бір архитектордың туындысын көрсетуде; жаңа құрылыс экскурсиясы – құрылыстың жұмысын көрсету. Қатысушылар құрылыс бойынша экскурсия үлкендерге де кішіге де өтеді; жергілікті тұрғындарға және туристерге, ұйымдасқан топқа және жеке

көрушілерге; қалалық және ауылдық тұрғындарға. Қалалық экскурсия қала территориясында өтеді және қаланы толығымен немесе бір бөлігін көрсетеді. Мысалы аудан, село, көше немесе алаңның экскурсиялық объектісі сирек өткіліеді. Қалалық экскурсия шолу болады (көп жоспарлы), тематикалық, комплекстік. комплекстік экскурсияда қаланы музейлерде болуға жүктеледі (бағытталады). Қала сыртындағы экскурсия топтың қала сыртына шығуына есептелген. Бұл кезде экскурсия тек соңғы пункте болуы мүмкін

Қызмет - бір нысанның сыртқы көрінісі, мекеме, кәсіпорын жұмысының формасы. Қызмет жасау - бұл қимылдау, жұмыс жасауды білдіреді. Ғылыми дәріптеу қызметі. Экскурсияны тек танымдық жағынан емес, сонымен қатар философиялық, көркемдік жағын да көрсету. Мысалы: экскурсияны қортындылау барысында әр қатысушы өз пікірін, өз ойын айту арқылы экскурсияны талқылайды. Көркемдік жағынан қарастырсақ экскурсия өтетін объектіге келген кезде ең бастысы экскурсанттар объектіге оның көріктілігіне назар аударады, содан кейін экскурсия жүргізушіні тындайды.

Экскурсиялық әдістеме талаптары экскурсанттардың әдісті көрмеу үшін кез елген әдістемені әдістердің экскурсияда еркін қолдануымен құрылады. Экскурсия әдістемесінің негізгі талабы экскурсияны кім жүргізбесе де берілген тақырыпқа барлық экскурсияларда бір бейнелі болуы.

Әдістемелік зерттеме, мысалға, нақтылы ескерткішті көрсету үшін ең жақсы әдістемелік әдісті, бұл тақырыпшаға тиімді болған әдісті кепілдеме береді. Егер де экскурсоводтар ішінде біреуіне кеңес беріп отырған әдістен тиімдірек немесе бұл әдісті жетілдіретіндей әдісті табатын болса, онда ол өзгерістерді әдістемелік секция арқылы өзгерте алады. Сонда барлық экскурсоводтар экскурсияны жетілдірілген әдістемені қолдану арқылы өткізе бастайды. Экскурсиялық әдістеме ережелері: осы тақырыпқа қатысты нәрсенің барлығын көруге, естуге және сезінуге экскурсанттарға жәрдем беру; объектіні анализдеуге үйренуіне қызметтесу; экскурсия барысында тақырыпқа, көрсетуге және әңгімеге тұрақты назарды қамтамасыз ету. Жаңа экскурсияны дайындауда тақырыпты, экскурсиялық объектіні және маршрутты таңдау барысында олардың бір-бірімен тығыз байланыста екенін ескеру қажет. Экскурсия үшін тақырыпқа қатысы бар объектілерді таңдаған жөн, мүмкіндігінше тақырыпты ашуға жәрдемдесетін, бірақ орналысуы қолайсыз немесе нашар сақталған объектілерден бас тарту керек. Көрсетіп отырған объектілердің бірігейлігінен алшақ болған маңызды. Мысалы, қалалық экскурсия тақырыбын тек монументалды ескерткіштермен ғана ашуға мүмкін емес. Маршрутты құруда объектіге және объекттер арасында күшті және уақытты максималды түрде үнемдеуді қамтамасыз ету.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Савина Н.В., Горбылева З.М. Экскурсоведение: Учебное пособие. – Минск, 2004.
2. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебное пособие. –М., 2002.

3. Райымханова К.Н., Қатран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы. – А., 2001
4. Дькова Р.А. Основы экскурсоведения. –М.:1985.–255 с.
5. Основы музееведения. Отв. Ред. Э.А. Шулепова М., 2005
6. Гнедовский М.Б. Современные тенденции развития музейной коммуникации в капиталистических странах, теория и практика. М., 1986 вып.